

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚОРШАҒАН ОРТАДА ЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

**№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

27.11.2023 ЖЫЛ

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – К.Калмахан, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Қолқанат Б.

**Күн тәртібі:**

1. Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің қосымшаларын толтыру
2. Кадр даярлау бағыттары бойынша бітіруші курстың Қорытынды аттестаттауда дипломдық жоба және магистрлік диссертацияларды қорғау туралы талқылау
3. Оқу үдерісі бойынша ОӘК, оқыту әдістерін, оқыту нәтижелерін талқылау
4. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б. Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ә.Н.Әбдімүтәліп алды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің қосымшаларын толтыру. Жалпы қосымшалар саны 18: Университетті дамыту бағдарламасы, Білім беру ұйымының құрылымы, білім сапасын ішкі қамтамасыз ету саясаты (университеттің білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі құжаттары), Білім беру бағдарламасы, Мамандық бойынша жұмыс оқу жоспары, Элективті пәндер каталогы, Білім беру бағдарламаларына қолжетімді бағдарламалық жабдықтың сипаттамалары, Білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау және берілген дәреже туралы мәліметтер (бакалавр), Білім беру бағдарламаларына студенттерді қабылдау және берілген дәрежелер туралы мәліметтер (магистратура), Профессор-оқытушылар құрамының түйіндемесі, ПОҚ оқу, әдістемелік, ғылыми жұмысы, Білім беру бағдарламаларының бейіні бойынша ғылыми мектептер мен зерттеулер, ПОҚ-ның бес жылдық кезеңдегі зияткерлік бағажы, ПОҚ академиялық ұтқырлығы бойынша мәліметтер, Студенттердің академиялық ұтқырлығы бойынша мәліметтер (оқыту және практикадан өту), Білім беру бағдарламалары бойынша түлектер, Қаржылық және материалдық қамтамасыз ету, Білім беру ұйымының қосымша қосымшалары: (жұмыс берушінің ББ-ға пікірі; дипломдық жобаның нәтижелерін пайдалану туралы акт; студенттің жеке жоспары; ББ-ны іске асыруға арналған жабдықтардың тізімі, оның ішінде халықаралық жобалар шеңберінде; студенттердің жетістіктері; дипломдық/магистрлік жұмыстардың тақырыптары, Еуропалық үлгідегі дипломға қосымшаның жоғары оқу орны нысаны (Diploma Supplement) және т. б.). 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу

бағдарламаларының осы қосымшалар бойынша материалдарды жинақтау жұмыстарын жүргізу қажет.


**АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., профессор Ә.Т.Мейірбеков:**

ХҚТУ-де білім алушыларды қорытынды аттестаттауда дипломдық жобаларды «УЕ-ХҚТУ-048-2021 Дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі» мен «УЕ-ХҚТУ-076-2022 Жоғары білім кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/ жоба дайындау туралы ережесі» сәйкес жүргізіледі. ХҚТУ академиялық күнтізбеде және білім беру бағдарламаларының бекітілген оқу жұмыс жоспарларында көзделген мерзімдерде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары үшін өткізіледі. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды дайындау және тапсыру нысанында жүргізіледі. Магистратура білім алушыларын қорытынды аттестаттау магистрлік диссертация/жоба, докторлық диссертация жазу және қорғау түрінде жүргізіледі. Қазіргі әлемде саясаттағы, экономикадағы, экологиядағы кез-келген оқиға немесе инновациялық технологияларды дамытудағы кішігірім қадам болса да, өзекті болады. Диссертация немесе дипломдық жоба тақырыбының өзектілігі қандай болу қажет? Бұл мәселенің қазіргі қоғам үшін маңыздылығының, оны дамытудың маңыздылығының және оны шешудің нақты жолдарын табудың дәлелі. Диссертацияның немесе дипломдық жобаның авторы оның зерттеуінің өзектілігіне сенімді болуы керек және оны МЕК мүшелеріне дәлелдей алуы керек. Тақырыптың өзектілігін айта бастағанда, ұсынылған әдеби дереккөздерді, тек отандық қана емес, сонымен қатар шетелдіктерді де зерттеу қажет.

**АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.:** Құрметті АК мүшелері Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің 18 қосымшасының дәлелді құжаттарын дауындау қажет, «УЕ-ХҚТУ-048-2021 Дипломдық жобаларды дайындау, рәсімдеу және қорғау ережесі» мен «УЕ-ХҚТУ-076-2022 Жоғары білім кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/ жоба дайындау туралы ережесі» ережелеріне сәйкес дипломдық жоба/диссертация тақырыптарын ұсыну қажет.

**Шешім:** Агенттіктің стандарттары бойынша өзіндік бағалау есебінің қосымшалары толтырылсын; кадр даярлау бағыттары бойынша бітіруші курстың Қорытынды аттестаттауда дипломдық жоба және магистрлік диссертацияларды қорғау туралы мәселелер қаралып, тақырыптар ұсынылсын; оқу үдерісі бойынша ОӘК, оқыту әдістері, оқыту нәтижелері талқыланын; қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қорытындылансын.

Мәжіліс төрағасы:



Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:



Н.Ә.Әбдімүтәліп